# Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге орналастырылған тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 8, 125, 142, 153, 165, 175, 182, 240-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса берiлiп отырған:

1) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар; Қараңыз.K100296

2) кеден қоймасының кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі;

3) бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі;

4) тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі; Қараңыз.K100296

5) тауарларды еркін айналыс үшін қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі;

6) тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі; Қараңыз.K100296

6-1) тауарлар экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі (2-қосымша);

6-2) тауарлардың кері экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі" (3-қосымша);

7) еркін қоймаларда тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған жекелеген тыйым салулар мен шектеулер;

8) тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу жөніндегі жекелеген операцияларға арналған шектеулер бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен.

1-1. Кедендік аумақта тауарларды қайта өңдеудің, көліктің жекелеген түрлерімен тасымалданатын тауарлардың экспорты мен кейіннен темір жол көлігіне тиелетін, су көлігімен тасымалданатын тауарлардың кері экспортын қоспағанда, тауарлардың кері экспортының кедендік режимдеріне сәйкес қосымшаларға сай Қазақстан Республикасы өндіретін ағаш материалдарын, кесілген ағаш материалдарын және сүректен жасалған жекелеген бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 717 қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысымен бекітілген

Ескерту. Тыйым салуларға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 343 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

## Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар

### 1. Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынған тауарлар

1. Әр текті әскери үлгідегі қару-жарақ және оның оқ-дәрілері, жаппай қырып-жою қаруы, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтар.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес әкелінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі үшін шетел компаниялары қазақстандық кәсіпорындармен бірлесіп жасайтын тауарларды "еркін қойма"

кедендік режиміне орналастыруға рұқсат етіледі.

Ескерту. 1-тармақтың ескертуіне өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.02.16 N 155 Қаулысымен.

2. Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар, сондай-ақ оларды тұтынуға арналған керек-жарақтар.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген тауарларды әкелу Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа нұқсан келтіруге бағытталған, соғысты, терроризмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұндағы материалдар.

3-1. Озонды бұзатын заттар

| Р/с N | Тауардың атауы | Тобы | Зат | Қ Р СЭҚ ТН коды |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Трихлорфторметан | CFCL3 | (ХФУ-11) | 2903410000 |
| 2. | Дихлордифторметан | CF2CL2 | (ХФУ-12) | 2903420000 |
| 3. | Трихлортрифторэтандар | C2F3CL3 | (ХФУ-113) | 2903430000 |
| 4. | Дихлортетрафторэтан | C2F4CL2 | (ХФУ-114) | 2903441000 |
| 5. | Хлорпентафторэтан | C2F5CL | (ХФУ-115) | 2903449000 |
| 6. | Бромхлордифторметан | CF2BrCL | (Галон 1211) | 2903461000 |
| 7. | Бромтрифторметан | CF3Br | (Галон 1301) | 2903462000 |
| 8. | Дибромтетрафторэтандар | C2F4Br2 | (Галон 2402) | 2903469000 |
| 9. | Хлортрифторметан | CF3CL | (ХФУ-13) | 2903451000 |
| 10. | Пентахлорфторэтан | C2FCL5 | (ХФУ-111) | 2903451500 |
| 11. | Тетрахлордифторэтан | C2F2CL4 | (ХФУ-112) | 2903452000 |
| 12. | Гептахлорфторпропан | C3FCL7 | (ХФУ-211) | 2903452500 |
| 13. | Гексахлордифторпропан | C3F2CL6 | (ХФУ-212) | 2903453000 |
| 14. | Пентахлортрифторпропан | C3F3CL5 | (ХФУ-213) | 2903453500 |
| 15. | Тетрахлортетрафторпропан | C3F4CL4 | (ХФУ-214) | 2903454000 |
| 16. | Трихлорпентафторпропан | C3F5CL3 | (ХФУ-215) | 2903454500 |
| 17. | Дихлоргексафторпропан | C3F6CL2 | (ХФУ-216) | 2903455000 |
| 18. | Хлоргептафторпропан | C3F7CL | (ХФУ-217) | 2903455500 |
| 19. | Төртхлорлы көмірсутегі | CCL4 | (ТХК) | 2903140000 |
| 20. | Метил хлороформ (1,1,1-трихлорэтан) | C2H3CL3 | (МХФ) | 2903191000 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21. | Бромметан (метилбромид) | $CH_3Br$ | | 2903303300 |

3-2. Тауарлар, егер оларда 3-1-тармақта санамаланған озонды бұзатын затта болса,

| Р/с N | Тауардың атауы | ҚР СЭҚ ТН коды |
|---|---|---|
| 22. | Жеңіл және жүк автомобильдеріне арналған кондиционерлер ( олардың автомобильдерде орнатылғанына немесе орнатылмағанына қарамастан) | 8415200000 |
| 23. | Тоңазытқыштар, мұздатқыштар мен өзге де тоңазытатын немесе мұздататын электрлі немесе басқа да үлгідегі жабдық; 8415 тауар позициясының ауаны баптауға арналған қондырғыларынан басқа, жылу сорғылары | 8418-ден |
| 24. | Мұздатқыш камералар | 841830, 841840, 841850, 841861, 841869-дан |
| 25. | Ауа құрғатқыштар | 8479891000, 8479899800 |
| 26. | Сумен салқындататын құрылғылар | 8419-дан |
| 27. | Мұзды генераторлар | 8418-ден |
| 28. | Кондиционерлер мен жылу сорғылары | 8415, 841861, 841869-дан |
| 29. | Озонды бұзатын заттары бар аэрозольді өнімдер ( медициналық аэрозольдерді қоспағанда) | 3208, 3209, 321000, 321290, 330300, 3304300000, 3305, 3306, 3307 (3307410000-ден басқа), 3808, 380910, 381400, 3402, 3403, 3405-тен |
| 30. | Көшпелі өрт сөндіргіштер | 842410-нан |
| 31. | Оқшаулағыш қалқандар, панельдер және озонды бұзатын заттары бар көбіктендіруші ретінде саңылау құраушылар пайдаланылатын құбырлар жабындысы | 3925, 3926-дан |
| 32. | Фторполимерлер (озонды бұзатын заттары бар саңылау құраушылармен көбіктенген полистирольдар мен полиуретандар) | 390950, 3903110000 |

Е с к е р т у .
Осы тармақта көрсетілген тауарлар адамдардың қазақстандық тауарлар мен көлік құралдарын не олардың қайта өңделген өнімдерін Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде белгіленген тәртіппен кедендік режимдер шарттарына сәйкес кері әкелу туралы міндеттемелерін орындау үшін әкелінуі мүмкін".

Ескерту. 3-1, 3-2-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 617 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3-3. Рулі оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдары.

Ескертпе. Осы тармақ "тауарларды еркін айналыс үшін шығару" және " тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу" кедендік режимдерінде тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге қолданылады.

Ескерту. 3-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.28. N 1301 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-4. Жануарлар дүниесі объектілері, олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдер

| Р/с N | Атауы | ҚР СЭҚ ТН коды |
|---|---|---|
| 1. | Жабайы тірі аңдар | 0106-дан |
| 2. | Тірі балық (0301 10 тауар позициясындағы сәндік балықты қоспағанда) | 0301-ден |
| 3. | Құстардың қабықты жұмыртқалары | 0407 00 900 0 |
| 4. | Жабайы аңдардың қаны | 0511-ден |

Ескертпе. Осы тармақта көрсетілген тауарлар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаттарымен әкелінеді. Тыйым салулар осы тармақта көрсетілген тауарларды әкелу кезінде жеңілдік тәртібі көзделген жеке тұлғаларға қатысты "Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 қаулысында көзделген нормалардың шегінде қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 3-4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.06.17 N 931 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

## 2. Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлар

4. Әр текті әскери үлгідегі қару-жарақ, оның оқ-дәрілері және әскери жабдықтар, жаппай қырып-жою қаруы, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын

жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтар.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес әкетілуі мүмкін.

5. Өнер туындылары, көне заттар және елеулі көркем, тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылықты білдіретін өзге де заттар.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген заттар тек Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен берілетін Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің ерекше рұқсатымен ғана әкетілуі мүмкін.

6. Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өкілдері және киік мүйізі.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне және Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға сәйкес әкетілуі мүмкін. V095768

6-1. Жануарлар дүниесі объектілері, олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдер

| Р/с N | Атауы | ҚР СЭҚ ТН коды |
|---|---|---|
| 1. | Жабайы тірі аңдар | 0106-дан |
| 2. | Тірі балық (0301 10 тауар позициясындағы сәндік балықты қоспағанда) | 0301-ден |
| 3. | Жаңа ауланған немесе салқындатылған балық, 0304 тауар позициясындағы балықтың жон еті мен басқа да еттерін қоспағанда | 0302 |
| 4. | Мұздатылған балық, 0304 тауар позициясындағы балықтың жон еті мен басқа да еттерін қоспағанда | 0303 |
| 5. | Мұздатылған тұщы су шаяндары | 0306 19 100 0 |
| 6. | Мұздатылмаған тұщы су шаяндары | 0306 29 100 0 |
| 7. | Тірі, жаңа ауланған немесе салқындатылған судағы омыртқасыздар | 0307 91 000 0-ден |
| 8. | Мұздатылған судағы омыртқасыздар | 0307 99 180 0-ден |
| 9. | Өзге де судағы омыртқасыздар | 0307 99 900 0-ден |
| 10. | Құстардың қабықты жұмыртқалары | 0407 00 900 0 |
| 11. | Қауырсын мен мамық, үй құстарын қоспағанда | 0505 10 900 0-ден |
| 12. | Өңделмеген немесе бастапқы өңдеуден өткен, бірақ пішінге келтірілмеген піл сүйегі, тасбақалардың сауыттары, киттің мұрты және кит мұртынан жасалған қылтанақтар, мүйіздер, бұғы мүйіздері, тұяқтар, тырнақтар, аяқ тырнақтары мен тұмсықтары; осы өнімдердің ұнтақтары мен қалдықтары; (аң аулауға берілген рұқсат құжаттарға ( аң аулауға рұқсат, аң аулау хаттамасы, олжа алу парағы) сәйкес табылған аңшылық олжаларды қоспағанда) | 0507-ден |
| 13. | Мускус | 0510 00 000 0-ден |
| 14. | Жабайы аңдардың қаны | 0511-ден |

| | | |
|---|---|---|
| 15. | Бекіре уылдырығы және оны алмастырушылар | 1604 30 |
| 16. | Жабайы аңдардың терілері | 4103 90 900 0-ден |

Ескертпе. Осы тармақта көрсетілген тауарлар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаттары бойынша әкетіледі. Тыйым салулар осы тармақта көрсетілген тауарларды әкелу кезінде жеңілдік тәртібі көзделген жеке тұлғаларға "Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 қаулысында көзделген нормалардың шегінде қолданылмайды.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.06.17 N 931 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар, сондай-ақ оларды пайдалануға арналған құралдар.

**Ескерту.** Осы тармақта көрсетілген тауарларды әкету Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Күші жойылған бағалы қағаздар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысымен бекітілген

## Кеден қоймасының кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

1. Әр текті әскери үлгідегі қару, оның оқ-дәрілері, әскери жабдықтар мен жарылғыш заттар.

2. Қару-жарақ, әскери техника, оларды өндіруге арналған арнайы жиынтық бұйымдар.

3. Мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа нұқсан келтіруге бағытталған, соғысты, терроризмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұнды материалдар.

4. Өнер туындылары, көне заттар және елеулі көркем, тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылықты білдіретін өзге де заттар.

5. Киіктердің, маралдардың, теңбіл бұғылар мен үзбаралардың мүйіздері, сондай-ақ теңбіл бұғының терілері.

6. Күші жойылған бағалы қағаздар.

7. Қару-жарақ заттарын, оқ-дәрілерді және ұшу аппараттарын дайындауға арналған станоктар мен машиналар.

8. Есірткі және психотроптық заттар, сондай-ақ оларды тұтынуға арналған керек-жарақтар.

9. Күшті әсер ететін улар.

10. Радиоактивті материалдар.

11. Шифрлар және шифрланатын (криптографиялық) құралдар.

12. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге және ақпараттардың жария етілуінің техникалық арналарын анықтауға арналған арнайы техникалық құралдар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысымен
бекітілген

## Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

1. Әр текті әскери үлгідегі қару, оның оқ-дәрілері және әскери жабдықтар, есірткі және психотроптық заттар, сондай-ақ оларды пайдалануға арналған керек-жарақтар.

2. Мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа нұқсан келтіруге бағытталған, соғысты, терроризмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұнды материалдар .

3. Өндірістік және әскери-техникалық мақсаттағы тауарлар.

4. Ауыр салмақты тауарлар (салмағы 20 кг-дан астам) және абажадай тауарлар (ұзындығы, ені және биіктігі бойынша өлшемдерінің жиынтығы 200 см-ден астам).

5. Спирттің барлық түрлері

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысымен
бекітілген

## Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеу кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.14 N 353, өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

| Р/с N | Тауардың атауы | ҚР СЭҚ ТН бойынша тауардың коды |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Спирттің барлық түрлері | 2207, 2208 90 910 0, 2208 90 990 0 |
| 2 | Бөренелер, шөркелер түріндегі, оның ішінде шөркелер, шөпшек байламдар түрінде немесе осыған ұқсас түрлерде сексеуілден дайындалған отындық сүрек | 4401 10 000 0-нан* |
| 3 | Үгінділер және сексеуіл сүрегінің қалдықтары | 4401 30-дана* |
| 4 | Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған немесе шелқабығы бар немесе долбар кесектелген немесе кесектелмеген ағаш материалдары | 4403 10 000 - 4403 20-дан*, 4403 91 - 4403 99-дан* |
| 5 | Бөшке жасайтын сүрек; жарылған бөрене; ағаштан жасалған ұшталған, бірақ ұзынынан тілінбеген қадалар, қазықтар және бағаналар; долбар тегістелген, бірақ қашалмаған, бүгілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген таяқтар, қолшатырлар, құралдардың тұтқаларын немесе ұқсас бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын ағаш материалдары; аршылған және ұқсас сүрек | 4404 |
| 6 | Темір жол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш шпалдар | 4406 |
| 7 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты ағаш материалдары | 4407 10 |
| | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ еменнен жасалған ағаш материалдары (Quercus spp.) | 4407 91-ден |
| 9 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ басқа ағаш материалдары | 4407 99 |
| 10 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөліп алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты тұқымдас өзге де ағаш материалдары | 4408 10 |
| 11 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөлу арқылы алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ өзге де ағаш материалдары, өзге де | 4408 90 |
| 12 | Жиектерінің, жандарының немесе жазықтарының кез келгені бойынша кескінделген погонаж түріндегі (тарақтары, кертпелері бар, шпунтталған, жиектері тегістелген, жартылай дөңгелек калевка түріндегі, фасонды, дөңгеленген немесе соған ұқсас), сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, жанама қосылыстары бар немесе жоқ кесілген материалдар (Жинақталмаған, еденнің паркеттік жабынына арналған жұқа тақтайшалар мен фриздерді қоса алғанда) | 4409 |
| 13 | Бетон құюға арналған қалып | 4418 40 000 0 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 14 | өзге ағаш ұсталық құрастырмалар: белдемдер, мәткелер, төбе жабындысының тіректері | 4418 90 900 0-ден* |

* Тауар номенклатурасы тауардың ҚР СЭҚ ТН кодымен де, атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысымен
бекітілген

## Тауарларды еркін айналыс үшін қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.03 N 1142, өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

| Р/с N | Тауардың атауы | Тауардың ҚР СЭҚ ТН бойынша коды |
|---|---|---|
| 1 | Спирттің барлық түрлері | 2207, 2208 90 910 0, 2208 90 990 0 |
| 2 | Темекі шикізаты | 2401 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысымен
бекітілген

## Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.28. N 797, 2004.11.03. N 1142, өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

| Р/с N | Тауардың атауы | Тауардың ҚР СЭҚ ТН бойынша коды |
|---|---|---|
| 1 | Спирттің барлық түрлері | 2207, 2208 90 910 0, 2208 90 990 0 |
| 2 | Бөренелер, шөркелер түріндегі отындық сүрек | 4401 10 000 0-ден* |
| 3 | Өңделмеген кесілген немесе кесілмеген, нобайлап шабылған немесе шабылмаған ағаш материалдары | 4403 10 - 4403 20, 4403 91* -ден |
| 4 | Жарылған бөренелер; ұшталған, бірақ ұзынынан кесілмеген, ағаштан жасалған қадалар мен қазықтар; таяқтар, қолшатырлар, саймандарға арналған тұтқалар немесе ұқсас бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын, қылқанжапырақ тектестерден жонылған бірақ қырылмаған, иілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген ағаш материалдары; аршылған және ұқсас сүрек; | 4404 10 000 0 |
| 5 | Темір жол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш шпалдар | 4406 |
| 6 | Қылқанжапырақты ұзынынан кесілген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, жонылған немесе жонылмаған, қырналған немесе қырналмаған, жуандығы 6 мм астам кертікке қосылысы бар немесе жоқ ағаш материалдары | 4407 10 |
| 7 | Қылқанжапырақ тектестердің ұзынынан кесілген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, жонылған немесе | 4407 91 |

жонылмаған, қырналған немесе қырналмаған, жуандығы 6 мм астам кертікке қосылысы бар немесе жоқ емен ағаш материалдары (Quercus spp);

8 Қылқанжапырақ тектестердің ұзынынан кесілген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, жонылған немесе жонылмаған, қырналған немесе қырналмаған, жуандығы 6 мм астам кертікке қосылысы бар немесе жоқ өзге де ағаш материалдары 4407 99

9 Қылқанжапырақ тектестерден ұзынынан кесілген, бөліктерге бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, қырналған немесе қырналмаған, жуандығы 6 мм астам кертікке қосылысы жоқ сүрек 4408 10

10 Қылқанжапырақ тектестерден ұзынынан кесілген, бөліктерге бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, қырналған немесе қырналмаған, жуандығы 6 мм астам кертікке қосылысы бар немесе жоқ өзге де сүрек 4408 90

11 Қылқанжапырақ тектестерден сүргіленген немесе сүргіленбеген, қырналған немесе қырналмаған, кертікке қосылмаған тақтайлар 4409 10

12 Қылқанжапырақ тектестерден ағаш құрылыс бұйымдары, бетондауға арналған қалып 4418 40 000 0

| | | |
|---|---|---|
| 13 | Қымбат бағалы металдардың немесе қымбат бағалы металдар жалатылған металдардың қалдықтары мен сынықтары; қымбат бағалы металы немесе қымбат бағалы металдар қосылысы бар өзге де қалдықтар мен сынықтар | 7112 (7112 92 000 0-ді қоспағанда) |
| 14 | Қара металл қалдықтары мен сынықтары; қайта балқыту үшін қара металл құймалары (шихталық құймалар) | 7204 |
| 15 | Түсті металл қалдықтары мен сынықтары, олардың балқымалары | 7403, 7404, 7502, 7503, 7601, 7602, 7604 10 100, 7605, 7801, 7802, 7901, 7902, 8001, 8002, 8101, 8102, 8103, 8104, 8105, 8106, 8107, 8108, 8109, 8110, 8111, 8112, 8113 |

*Тауардың номенклатурасы тауардың кодымен де, атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысымен
бекітілген

## Еркін қоймаларда тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған жекелеген тыйым салулар мен шектеулер

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.03. N 1142, өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар, оларды жүргізу кезінде қайта өңдеу өнімдері мыналар болып табылады:

| Тауардың атауы | Тауардың ҚР СЭҚ ТН бойынша коды |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Спирттің барлық түрлері | 2207, 2208 90 910 0, 2208 90 990 0 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысымен бекітілген

## Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу жөніндегі жекелеген операцияларға арналған шектеулер

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.03 N 1142, өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2008.10.08 N 930 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар, оларды жүргізу кезінде қайта өңдеу өнімдері мыналар болып табылады:

| Тауардың атауы | Тауардың ҚР СЭҚ ТН бойынша коды |
|---|---|
| Спирттің барлық түрлері | 2207, 2208 90 910 0, 2208 90 990 0 |

## Тауарлар экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353, 2008.03.18 N 260 (колданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.04.15 N 343 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2008.05.13 N 448 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2008.08.15 N 748 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2008.08.28 N 777 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009.02.17. N 169 Қаулыларымен.

| Р/с N | Тауардың атауы | ҚР СЭҚ ТН бойынша тауардың коды |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Бөренелер, шөркелер түріндегі, оның ішінде шөркелер, шөпшек байламдар | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | түрінде немесе осыған ұқсас түрлерде сексеуілден дайындалған отындық сүрек | 4401 10 000 0-нан* |
| 2 | Үгінділер және сексеуіл сүрегінің қалдықтары | 4401 30-дан* |
| 3 | Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған немесе шелқабығы бар немесе долбар кесектелген немесе кесектелмеген ағаш материалдары | 4403 10 000 - 4403 20-дан*, 4403 91 - 4403 99-дан* |
| 4 | Бөшке жасайтын сүрек; жарылған бөрене; ағаштан жасалған ұшталған, бірақ ұзынынан тілінбеген қадалар, қазықтар және бағаналар; долбар тегістелген, бірақ қашалмаған, бүгілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген таяқтар, қолшатырлар, құралдардың тұтқаларын немесе ұқсас бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын ағаш материалдары; аршылған және ұқсас сүрек | 4404 |
| 5 | Темір жол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш шпалдар | 4406 |
| 6 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты ағаш материалдары | 4407 10 |
| 7 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ еменнен жасалған ағаш материалдары (Quercus spp.) | 4407 91-ден |
| 8 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ басқа ағаш материалдары | 4407 99 |
| 9 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөліп алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе | 4408 10 |

| | | |
|---|---|---|
| | сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты тұқымдас өзге де ағаш материалдары | |
| 10 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөлу арқылы алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ өзге де ағаш материалдары, өзге де | 4408 90 |
| 11 | Жиектерінің, жандарының немесе жазықтарының кез келгені бойынша кескінделген погонаж түріндегі (тарақтары, кертпелері бар, шпунтталған, жиектері тегістелген, жартылай дөңгелек калевка түріндегі, фасонды, дөңгеленген немесе соған ұқсас), сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, жанама қосылыстары бар немесе жоқ кесілген материалдар (жинақталмаған, еденнің паркеттік жабынына арналған жұқа тақтайшалар мен фриздерді қоса алғанда) | 4409 |
| 12 | Бетон құюға арналған қалып | 4418 40 000 0 |
| 13 | өзге ағаш ұсталық құрастырмалар: белдемдер, мәткелер, төбе жабындысының тіректері | 4418 90 900 0-ден* |
| 14 | (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.08.28 N 777 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен. | |
| 15 | Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген күнбағыс, мақсары немесе мақта майлары және олардың фракциялары | 1512** |
| 16 | бидай және меслин | 1001*** |
| 17 | күріш | 1006**** |
| 18 | құрамында 1,5 мас. %-дан аспайтын майы бар ұнтақ, түйіршікті немесе басқа да қатты түрдегі сүт және кілегей | 0402 10***** |
| | құрамында 1,5 мас. %-дан асатын майы бар ұнтақ, түйіршікті немесе | |

| | | |
|---|---|---|
| 19 | басқа да қатты түрдегі сүт және кілегей | 0402 21***** |
| 20 | сүт және кілегей өзгелері | 0402 29***** |
| 21-27 | 21-27-жолдар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.02.17. N 169 Қаулысымен. | |

* Тауар номенклатурасы тауардың ҚР СЭҚ ТН кодымен де, атауымен де айқындалады.
** 2008 жылғы 1 қазанға дейін қолданылады.
*** 2008 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданылады.
**** 2008 жылғы 1 желтоқсанға дейін қолданылады.
***** 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. Ескертпеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.08.28 N 777 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009.02.17 . N 169 Қаулыларымен.

**Тауарлардың кері экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен.

| Р/с N | Тауардың атауы | ҚР СЭҚ ТН бойынша тауардың коды |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Бөренелер, шөркелер түріндегі, оның ішінде шөркелер, шөпшек байламдар түрінде немесе осыған ұқсас түрлерде сексеуілден дайындалған отындық сүрек | 4401 10 000 0-нан* |
| 2 | Үгінділер және сексеуіл сүрегінің қалдықтары | 4401 30-дан* |
| 3 | Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған немесе шелқабығы бар немесе долбар кесектелген немесе кесектелмеген ағаш материалдары | 4403 10 000 - 4403 20-дан*, 4403 91 - 4403 99-дан* |
| 4 | Бөшке жасайтын сүрек; жарылған бөрене; ағаштан жасалған ұшталған, бірақ ұзынынан тілінбеген қадалар, қазықтар және бағаналар; долбар тегістелген, бірақ қашалмаған, бүгілмеген немесе басқа тәсілмен өңделмеген таяқтар, қолшатырлар, құралдардың тұтқаларын немесе ұқсас бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын ағаш материалдары; аршылған және ұқсас сүрек | 4404 |
| 5 | Темір жол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш шпалдар | 4406 |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты ағаш материалдары | 4407 10 |
| 7 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ еменнен жасалған ағаш материалдары (Quercus spp.) | 4407 91-ден |
| 8 | Өн бойымен араланған немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ басқа ағаш материалдары | 4407 99 |
| 9 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөліп алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ қылқан жапырақты тұқымдас өзге де ағаш материалдары | 4408 10 |
| 10 | Қаптауға арналған (қабатты сүректі бөлу арқылы алынғандарды қоса алғанда), жапсырылған фанер немесе басқа ұқсас қабатты сүректерге арналған табақтар және өн бойына араланған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм аспайтын жанама қосылыстары бар немесе жоқ өзге де ағаш материалдары, өзге де | 4408 90 |
| | Жиектерінің, жандарының немесе жазықтарының кез келгені бойынша кескінделген погонаж түріндегі (таратары, кертпелері бар, шпунтталған, жиектері тегістелген, жартылай дөңгелек калевка түріндегі, фасонды, дөңгеленген | |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | немесе соған ұқсас), сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, жанама қосылыстары бар немесе жоқ кесілген материалдар (жинақталмаған, еденнің паркеттік жабынына арналған жұқа тақтайшалар мен фриздерді қоса алғанда) | 4409 |
| 12 | Бетон құюға арналған қалып | 4418 40 000 0 |
| 13 | өзге ағаш ұсталық құрастырмалар: белдемдер, мәткелер, төбе жабындысының тіректері | 4418 90 900 0-ден* |

* Тауар номенклатурасы тауардың ҚР СЭҚ ТН кодымен де, атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 681 қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Кейбір кедендік режимдерге орналастырылатын немесе жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған жекелеген тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 18, 193-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 232 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 18, 193-құжат).

3. "Кейбір кедендік режимдерге орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 71 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 27-құжат).

4. "Еркін кеден аймақтары және еркін қоймаларға кейбір тыйым салуларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1326 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 49, 447-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК